

# ШОҚО ӘЛЕМ

✧ ҒАЖАЙЫП ✧  
ТАС



**АСТАНАКІТАП**

Алматы

2022

ӘОЖ 821.512.122-93  
КБЖ 84 (Қаз)  
С24

**Сауытбай Р.**

**С24 Шоко әлем. Ғажайып тас.** / Рустем Сауытбай. –  
Алматы, 2022. – 400 бет.

ISBN 978-601-06-8550-5

Арқуандар мен қарсундардың арасында нағыз шайқас басталмақ. Қара күш иесі Истискал одан әрі күшейіп мақсатына жетпекші. Мұны бұрынан бері сезіп жүрген Нуа Дегдар ғажайып тастың күшін зерттеп жатыр. Райл мен Элия да бұл жолда көмегін аямайды. Бірақ дұшпандары әлдеқайда күшті болып шығады. Шоко әлемде енді шайқастар кезеңі басталады. Алайда жеңіс кімге бұйырар екен?..



ӘОЖ 821.512.122-93  
КБЖ 84 (Қаз)

ISBN 978-601-06-8550-5

©Сауытбай Р.С., 2022



## 1-ТАРАУ. АСПАНДАҒЫ КӨЛІК

Жазғы демалыс күндерінің бірінде ас үйден салдыргүлдір еткен дыбыстар шығып жатты. Элия леви-сөмкеге ыдыстарды салып жатқан болатын. Олар біраздан кейін табиғатқа демалуға шығайын деп жатыр. Баратын жері – сол Арқалық қаласының маңы. Ал Райл болса ұшатын кілемді орап жатты. Ол көптен бері бұл кілембүспен ұшпаған еді. Қалада ұшу мүмкін емес қой. Адамдар көрсе зәресі ұшып кететін болар. Ұшпағанда ше?! Өйткені адамдардың көбі ғажайыпқа сенбейді емес пе? Ал балалар аспанда ұшып бара жатқан кілемді көрсе тек қуанар еді. Бәлкім, балалардың кейбірі қатты таңғалмайтын да шығар. Олар үлкендерге келіп «көрдіндер ме?!» немесе «айтып едім ғой!» дейтін еді. Алайда Нуа ұстаз айтқан қатаң ережелер бар.

Райл оралған кілембүсты көк жеңіл көліктің жүк-салғышына салды. Әкесі көлікті оталдырып дайындап қойған. Көк көлік жүруге дайын. Анасы соңғы заттарды

салып жатыр. Міне, Элия да левисөмкені әкеліп машинаға орналастырды. Інісі Байман болса машинаға әлдеқашан мініп алған. Оның сабырсызданып отырғаны айдан анық. Ол да кілембуспен ұшқысы келіп отыр. Алайда, оларды бағанадан бері біреу сырттан бақылап тұрған болатын. Бұл көшенің қарама-қарсы бетінде тұратын көрші – Кұлай ханым еді. Арықтау, бидай өнді әйелдің көзі бір бәле іздеп тұрғандай бадырақтау еді. Ол көзін сығырайтып тұрып бәрін қадағалап тұр. Өйткені оның көкейінде көп сұрақ жиналып қалған болатын.

Көлік гүж етіп орнынан қозғалды. Байсалдар отбасы қаланың шығыс жағына қарай кетіп барады. Көрші әйелдің күткені де осы болатын. Машина көзден ғайып болғанда, ол бірден Байсалдардың үйіне қарай беттеді. Кұлай ханым жан-жағына бір қарап қояды. Көшеде ешкім көрінбейді. Өзін ешкім байқап тұрмағанына әбден көзі жеткен соң, ол үйдің арт жағындағы бақшаға кіріп, жан-жақты зерттей бастады. Ол таңғалғаннан аузы ашылып тұрып қалды. Кұлай ханым Жамбыл көшесінен басқа бір таңғажайып әлемге түскендей болды. Айналасында неше түрлі хош иісті гүлдер жайнап тұр. Бір қарағанда би билеп тұрған сияқты. Бірақ үңіліп, байқап қарасаң әдеттен тыс ештеңе байқалмайды. Бақшада жеміс-жидектің түр-түрі өсіп тұр. Ол аузы ашылған күйде былай деп ойлады: «Мәссаған, мамыр айы енді бітті. Ал мұнда көкөніс, жемістердің неше түрлісі пісіп, жайқалып тұр. Бұл қалай болғаны? Сене алмай тұрмын.



Бұл жерде бір гәп бар. Мен бұл істің түбіне жетпейінше тыным таппаймын».

Көрші әйел әрірек жүргенде көзі шын мәнінде шарасынан шығып кете жаздады. Өйткені оның алдында банандар жайқалып өсіп тұрды. Арқалықта тіпті қызанақ, қияр сияқты көкөністер де піспеген кез, ал мыналардың үйінде банан, жүзімге дейін пісіп тұр. Ол көзін уқалап жіберді, бірақ алдындағы сол ғажап көрініс өзгерген жоқ. Кұлай ханым бір бананды үзіп алып, жеп көрді.

– Ммм, керемет. Тәп-тәтті, – деді ол таңғалып.

Содан соң арғы жақта өсіп тұрған жүзімнің дәмін көрді. Жемістердің бәрі пісіп қалған. Дәмі өте тәтті. Химиялық қоспасыз өсірілгені бірден сезіледі. Иістері де мұрынды жарып барады. Көрші әйел бірнеше банан мен кішкене жүзімді қалтасына салып алды. Бұл жемістерді үйдегі ерке баласына емес, басқа ниетпен алды. Мына түсініксіз құбылысты жолдасына айтса, сене қоймас. Сол себепті дәлел керек. Оның аузына сұғып, көзіне нұқып тұрып көрсетпесе сенетін адам емес.

Кұлай ханым жайнап тұрған бақшаны тағы бір қарап шықты. Бұл «ғажайыпқа» әбден көзі жеткен соң кетуге дайындалды. Үйдің терезесінің қасынан өтіп бара жатып, пердесі ашық тұрған бөлмеге көзі түсті. Үйдің ішінде де қызық нәрсе бар шығар деп ол терезеден үңіліп бөлмені қарап шықты. Бұл балалар бөлмесі екен. Бәрі кәдімгі үйдегідей. Яғни бөлменің ішінде кітаптар,



галактиканың постері, роботтар мен жануарлардың суреті және араб цифрлары салынған үлкен қағаздар шашылып жатыр. Ол терезені ашуға тырысып көріп еді, онысынан ештеңе шықпады. Терезе мықтап жабылған екен. Ол енді есік жаққа барды. «Бәлкім, жабуды ұмытып кеткен болар. Үйдің сыртында мынадай ғажайып болса, ішінде тіпті керемет нәрселер болуы мүмкін» деген үміт шоғы лаулап отқа айналды. Кұлай ханым тіпті жүгіре кетті. Үйдің ішін көргісі келіп барады. Ол есікке жете салысымен тұтқасын тартып көрді. Есік те кілттеулі тұр екен. Дегеніне жеткісі келген әйел есіктің жабық екеніне көзі жетсе де тұтқаны былай да, олай да жұлқылап сындыра жаздады. Тіпті кілттенбеген болса да, бұл шоколад түсті есік оны кіргізбейтін еді. Мұны сезген көрші әйел енді кете бергенде тағы бір бұрылып тұтқаны есікпен бірге жұлқып көрді. Ашылған жоқ. Ашуланған әйел «ашылмадың ғой, мә, саған!» дегендей есікті теуіп кеп қалды. Кұлай ханым баспалдақтан түсе салысымен аяғы шалынып сол жердегі кілемнің үстіне құлады. Кілем жұмсақ болғанымен тізесі қатты ауырды.

– Ммм-а-а-а.., – деп ыңырси кетті. – Есі дұрыс адам далаға кілем жая ма?.. Осылар бар ғой... шынында да біртүрлі. Бәрібір шындықтың түбіне жетемін. Бірақ кілем төсегені жақсы болыпты, әйтпесе оңбайтын едім.

Дәл осы сәтте Райл інісі Байманды кілембусқа мінгізіп алып аспанда ұшып бара жатты. Інісі:

